

ДАРАЛЫҚ БОЛМАСА, ТУРИСТ ТАРТА АЛМАЙМЫЗ

6-БЕТ | ҚОҒАМ



БЕСТЕМШЕ БАЛАЛАРҒА НЕ БЕРЕДІ?

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

«Заң және тәртіп» – мемлекетіміздің мызғымас тұғыры. Қоғамда осы қағиданы түбегейлі орнықтыру үшін барлық құзырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. Бұл – ең алдымен, ешқандай құқық бұзушылыққа жол бермеу қағидасы, яғни кез келген заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстаным. Сондықтан мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмысын барынша қолдау қажет.

№107
(4851)
Бейсенбі
11 қыркүйек
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ





Астана қаласына халықты тіркеу бойынша арнайы нормалар белгіленеді. Осы ретте ҚР ІІМ халықты тіркеу ережесіне түзетулер дайындады.

Жаңа ережеге сәйкес, Астана аумағында тұрғылықты жері және уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеу «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес астананың жергілікті өкілді органы бекітетін астана аумағында тұрғылықты жері және уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеу нормативтері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Жобаны қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық немесе өзге де салдарға әкеп соқпайды, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікке теріс әсер етпейді.



Астанадағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында қыркүйек айынан бастап күзгі сауықтыру маусымы ашылды.

Дүйсенбі мен жұма күндері аралығында сағат: 8.00 – 11.30-ге дейінгі уақытта «Жетісу», «Жеруйық», Президенттік, Орталық және Ботаникалық саябақтарда скандинавиялық серуеннен таңғы сауықтыру жаттығулары өтеді.

Күзгі сауықтыру жаттығуларына қатысу тегін. Сауықтыру жаттығулары қыркүйек-қараша айларында Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының кестесіне сәйкес жүргізілетін болады. Қосымша ақпаратты аудандық орталықтардан білуге болады.

АСТАНА – ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ОРТАЛЫҒЫ

Елордада өмір сүрудің негізгі салаларына заманауи технологиялар қарқынды енгізіліп жатыр. Атап айтқанда, денсаулық сақтау, құқық қорғау, білім беру, кәсіпкерлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және басқа да бағыттарда цифрлық процестер іске қосылуда.

Астана қаласының NIS мектебінің 11-сынып оқушысы Батырхан Мұхтархан Грекияда өткен халықаралық экономика олимпиадасында абсолютті чемпион атанды.

ЕО-2025 олимпиадасына әлемнің түкпір-түкпірінен ұлттық іріктеуден өткен 100 мыңнан астам үміткер қатысты. Финалда 28 елден барған 128 мықты бақ сынады. Олар экономика мен қаржы саласындағы ең күрделі теориялық және практикалық тапсырмаларды – нақты жағдайларды талдаудан бастап шешімдерді модельдеуге дейін орындады.

Жарыс қорытындысында Батырхан жалпы есепте бірінші орынды сенімді түрде иеленіп, АҚШ, Канада, Қытай, Нидерланды, Польша, Чехия, Грекия және басқа да елдерден келген қарсыластарын артта қалдырды.

ЖЕДЕЛ АВТОБУСТАР ЖҮРЕДІ

Астанада жаңа қоғамдық көлік түрі – жедел автобустар пайда болады. Бұл туралы Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы мәлім етті.

Елордада қоғамдық көлік қызметін дамыту мақсатында 2035 жылға дейінгі кешенді бағдарлама дайындалды. Ол кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Бас жоспарға сәйкес, 2035 жылға қарай қоғамдық көлік саны едәуір көбейеді. Ал оны қолданатын тұрғындар үлесін 41 пайыздан 71 пайызға дейін арттыру жоспарланып отыр.

– Бұл мақсат үшін елордамызда қоғамдық көліктің жаңа түрі – жедел автобустар пайда болады. Оларға арнайы жолақтар бөлінеді. Осыған қарай елордада жаңа аялдамалар салынып, автобустар саны артады, арнайы қозғалыс жолақтары бөлінеді, көлік көп қатынайтын магистральдарға түсетін салмақ азаяды, – делінген хабарламада.

№107 (4851) 11/09/2025 Бейсенбі



АСТАНА-КИНШАСА: ЫҚПАЛДАСТЫҚ ҚАДАМДАРЫ

Ақордада елімізге мемлекеттік сапармен келген Конго Демократиялық Республикасының Президентін ресми қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Феликс Чисекеди бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Содан соң Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің әнұрандары орындалды. Бұдан кейін мемлекеттер басшылары келіссөз залына өтті.

Қазақстан Президенті Астанаға шақыруын қабыл алғаны үшін Феликс Чисекедиге алғыс айтты. «Қазақстанға алғаш рет мемлекеттік сапармен келіп жатсыз. Шын мәнінде, мұны тарихи сапар деуге болады. Сапарыңыз өте маңызды. Бұл қадам Қазақстан мен Конго арасындағы қарым-қатынасты дамытуға тың серпін береді. Еліңіз – адами және табиғи ресурсқа бай мемлекет. Халық саны 110 миллионнан астам ел. Сондай-ақ Конгоның халықаралық және аймақтық деңгейдегі рөлі артып келе жатыр. Осы орайда бүгінгі келіссөздер Орталық Азия және Африка арасындағы байланысты күшейтуге ықпал етеді деп сенеміз. Африка елдерімен ынтымақтастықты нығайту – еліміздің сыртқы саясатындағы маңызды бағыттың бірі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Конго Демократиялық Республикасының Президенті бүгінгі келіссөздер нәтижесінде екі елдің байланысы нығая түсетініне сенімді екенін жеткізді. «Маған және делегациямызға көрсеткен қонақжайлық ниетіңіз үшін Сізге, сондай-ақ Қазақстан халқына алғыс айтамын. Мен екі ел, жалпы алғанда, Африка аймағы мен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында сапармен келдім. Әрине, біздің мемлекеттеріміз бір-бірінен алыста орналасқан. Дегенмен осындай сапарлар бізді жақындастырып, бір-бірімізді жіті тануға мүмкіндік береді. Сіздің еліңізбен ERG компаниясы арқылы тығыз жұмыс істейміз. Аталған кәсіпорын тау-кен өнеркәсібі саласында белсенді қызмет етеді. Бірақ ықпалдастықты арттырып, тәжірибе алмасатын басқа да көптеген бағыт бар деп ойлаймын» деді Феликс Чисекеди.

Президенттер халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Одан кейін Қазақстан мен Конго Демократиялық Республикасының президенттері кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Феликс Чисекеди келіссөзді екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен жалғастырды. Мемлекет басшысы Конго Демократиялық Республикасы Президентінің елімізге алғашқы сапарын тарихи сәт ретінде атап өтіп, оның Астанаға үлкен делегациямен келуін қазақ халқына көрсеткен зор құрмет деп бағалады. «Дипломатиялық қатынастардың орнағанына көп уақыт бола қойған жоқ. Соған қарамастан өзара сенім мен достыққа негізделген ынтымақтастық дамып келеді. Бүгінгі келіссөздер Астана мен Киншаса арасындағы байланысты жаңа белеске көтереді, тиімді әріптестік орнатуға мүмкіндік береді. Конго Демократиялық Республикасы – Қазақстанның Африкадағы маңызды серіктесі. Екі ел арасындағы қарым-қатынастың келешегі зор деп ойлаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгінгі уағдаластықтар мен қол қойылған құжаттар өзара тиімді ықпалдастыққа тың серпін беретініне сенім білдірді. Сонымен қатар серіктестіктің қарқынын өз деңгейінде сақтау үшін екі елдің сыртқы саясат ведомстволары арасындағы тұрақты әрі іскерлік байланысты жандандыруға шақырды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, сауда-экономикалық ынтымақтастық екіжақты күн тәртібінің басым бағыты болуы керек. Президент Қазақстан мен Конго Демократиялық Республикасының табиғи ресурстарға бай әрі экономикалық мүмкіндігі мол екеніне назар аударып, екі ел өзара тиімді жобаларды іске асыруда сенімді серіктес бола алатынын жеткізді.

Мемлекет басшысы аса маңызды шикізат материалдары саласындағы КДР-дың әлеуетіне жоғары баға беріп, бұл елдің бірегей табиғи ресурстары жаһандық жеткізу тізбегінде маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Әлемдегі кобальт өндірісінің 76 пайызы, мыстың 14 пайызы, қалайының 8,3 пайызы, танталдың 42 пайызы, колтанның 40 пайызы Конго Демократиялық Республикасына тиесілі. Сонымен қатар жоғары технологиялық салаларға қажетті басқа да стратегиялық минералдардың мол қоры бар. Президент Конго басшылығының қолдауымен қазақстандық ERG компаниясы аталған елде табысты жұмыс істеп жатқанын айтты.

Феликс Чисекеди Конгоның өзара ынтымақтастықты тереңдетуге дайын екенін жеткізді. «Біздің мемлекеттеріміз географиялық тұрғыдан бір-бірінен алшақ орналасса да, халықтарымызды егемендік пен территориялық тұтастықты құрметтеу, диалог арқылы бейбітшілікке үндеу секілді ортақ құндылықтар біріктіреді. Конго Демократиялық Республикасы халықаралық қоғамдастықтың, соның ішінде Қазақстанның ең қиын сәттерде көрсеткен қолдауын ешқашан ұмытпайды. Қазақстан БҰҰ аясындағы белсенді ұстанымымен Конго халқына жанашыр екенін дәлелдеді. Сондықтан Сізге шынайы ризашылығымызды білдіруге рұқсат етіңіз» деді КДР Президенті.

Феликс Чисекедидің айтуынша, Қазақстан ядролық қарудан бас тарту және бейбітшілікті сақтау үшін дәйекті диалогты ілгерілету арқылы қауіпсіздік пен дамудың өте маңызды екенін көрсетті. Бұл – әлем жұртшылығына үлгі. Келіссөз барысында екіжақты сауданы дамыту, көлік-логистика, тау-кен, ауыл шаруашылығы және ақпараттық технологиялар, цифрландыру салаларындағы ықпалдастық мәселелеріне баса мән берілді. Келіссөз қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Конго Демократиялық Республикасының Президенті Феликс Чисекеди Бірлескен мәлімдеме қабылдады. Бұдан бөлек дипломатиялық консультацияға, тау-кен және геология саласындағы ынтымақтастыққа қатысты ведомствоаралық құжаттарға қол қойылды. Қасым-Жомарт Тоқаев Феликс Чисекедиді I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

АГЕНТТІК ҚЫЗМЕТІН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады. Президентке Агенттік қызметінің негізгі нәтижелері туралы есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған міндеттері таныстырылды.

Президентке ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған шаралар жөнінде баяндалды. Ведомство 24 миллиард теңгеден астам қаржыны қолма-қол ақшаға айналдырған жалған компанияларды әшкерелеп, есірткі сатудан және алаяқтықтан түскен табыстарды жылыстатқан 20 заңсыз криптобиржа қызметін тоқтатқан. Сондай-ақ ТМД аумағындағы ең ірі криптосервис жойылды. Ол 20 Darknet алаңымен жұмыс істеп, 200-ден астам «наркошопты» қамтыған. 9,7 миллион долларға тең виртуалды активтер бұғатталды.

Президентке Қаржылық мониторинг агенттігі 720 қылмыстық істі тергеуді аяқтап, 15 ұйымдасқан қылмыстық топты, соның ішінде 3 трансұлттық топты жойғаны жөнінде ақпарат берілді. Бұдан бөлек, 17,1 миллиард теңге сомасындағы мұнай өнімдерін заңсыз шығару әрекеті тоқтатылды, заңсыз темекі өнімдерін дайындаған 2 жасырын цех және суррогат алкоголь өнімдерін өндіретін 16 цех әшкереленді. Көлеңкелі айналымнан 12 миллиард теңгеге бағаланған вейптер алынды. Жалпы құны 164 миллиард теңге болатын 63 инфрақұрылымдық жобадағы бюджет қаржысының мақсатсыз жұмсалуы және ауыл шаруашылығы саласындағы 11 миллиард теңгенің субсидияларын тиімсіз игеру деректері тоқтатылды. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жалған стоматологиялық қызмет көрсету арқылы 200 миллиард теңгені заңсыз шығару фактілері анықталды.

Жанат Элиманов азаматтардың қаржылық мүдделерін қорғау бағытында қабылданған шаралар туралы әңгімеледі. Заңсыз микронесие беру деректері бойынша 23 тергеу ісі басталды. Оның шығыны 71 миллиард теңгені құрайды. 300 мыңнан аса қарыз алушының берешегін қайтару және есептен шығару жұмысы жүргізілуде, 112 мыңнан астам азаматты тартқан 45 қаржы пирамидасы таратылды, алаяқтық жобалар мен құмар ойындарға қатысы бар 31,5 мың сайт пен сілтеме бұғатталды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы ведомство қызметінің басты бағыттары бойынша бірқатар тапсырма берді.



ӘСКЕРИ АКЦИЯНЫ АЙЫПТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар астанасы Дохада Израиль билігі жасаған әскери акцияны айыптайды.

Бұл туралы Ақорданың телеграм-арнасы хабарлады. «Қандай мақсатты көздесе де, мұндай әрекетке жол беруге болмайды. Бұл Қатар мемлекетінің егемендік құқығын бұзады және халықаралық құқық қағидаттарына қайшы келеді» деді Мемлекет басшысы.

БАСТЫ МАҚСАТ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру іс-шаралары қаралды. Жолдауда Мемлекет басшысы әлеуметтік қолдау саласын реформалау қажеттігіне ерекше назар аударды.

Премьер-министр аталған жұмыс шеңберінде Еңбек министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, осы жылдың 1 желтоқсанына дейін әлеуметтік қолдау іс-шараларының барлық өңірлерге арналған бірыңғай стандартын әзірлеуді тапсырды. «Барлық күмәнді және тиімсіз әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды алып тастау керек. Біз әлеуметтік әділеттілікті сақтап, масылдық пиғылды азайту үшін іс-шаралар қабылдаймыз. Үкіметтің міндеті – барлығына бірдей жағдай жасау, ал азаматтар жұмыс істеп, өзін және өз отбасын асырауға ұмтылуы керек» деп атап өтті Олжас Бектенов. Ол үшін цифрландыруды және жасанды интеллект технологияларын терең енгізу арқылы экономиканың барлық салаларындағы мемлекеттік қызметтерді бақылау мен мониторинг жүргізудің түбегейлі жаңа әдістері жасалуы тиіс екенін атап өтті. Осыған байланысты Премьер-министр тиісті мемлекеттік органдар мен әкімдіктерге тапсырма берді. Соның бірі – Оқу-ағарту министрлігі, «Самұрық-Қазына» қоры өңір әкімдіктерімен бірлесіп, желтоқсан айына дейін қалған 52 Келешек мектептерінің құрылысын аяқтауы қажет. Осы жылдың 1 қазанына дейін Білім беру жүйесінде жасанды интеллектіні енгізу жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамалық тәсілдер мен Жол картасы қабылдануға тиіс.

Олжас Бектенов Мемлекет басшысы Жолдауда туристік нысандарда инфрақұрылымды дамытудың маңыздылығын атап өтуіне байланысты туризм саласына қатысты бірқатар тапсырма берді. Премьер-министр бұл жергілікті атқарушы органдардың тікелей жауапкершілігі екенін атап өтіп, қысқа мерзімде Алматы тау кластерін дамыту жоспарын жаңартуды тапсырды. Ұлттық экономика министрлігі Туризм және спорт министрлігімен, Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп, бір апта мерзімде Алматы тау кластерін дамыту жөніндегі кешенді жоспардың жобаларын аса маңызды объектілер және жалпыұлттық маңызы бар жобалар деп танып, Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізуі керек. Сондай-ақ Туризм және спорт министрлігі өңірлермен бірлесіп, осы жылдың 1 қазанына дейін Футбол клубтарын жекешелендірудің жоспар-кестесін әзірлеуі қажет.

№107 (4851) 11/09/2025 Бейсенбі

ЖОЛДАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

Астанада қала әкімі Жеңіс Қасымбек қоғам өкілдерімен, сарапшылар қауымдастығымен, кәсіпкерлермен және жастармен кездесіп, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауын талқылады.



Қала әкімі Жеңіс Қасымбек Астана цифрлық трансформацияның үлгісіне айналуы тиіс екенін атап өтті. Smart City тұжырымдамасы аясында халықаралық G42 холдингімен бірлесіп, қоғамдық қауіпсіздік пен қалалық ортаны басқару саласында жасанды интеллект технологияларын енгізу жобасы белсенді жүзеге асырылып жатыр. Бұл жоба аясында заманауи мегаполистер тәжірибесіне сүйене отырып, 35-тен астам видеосараптама түрі және жол қозғалысы ережелерін бұзушылықты тіркеудің 15 әдісі қолданысқа енгізілмек.

«Инновациялық технологиялар паркі» автономды кластерлік қоры бас директорының орынбасары Таңат Өскембаевтың айтуынша, биыл Астанада EXPO-2017 аумағында Alem.AI халықаралық жасанды интеллект орталығы іске қосылмақ. Бұл орталық жасанды интеллект экономикасын дамытуға, зерттеулерді қолдауға, цифрлық салаға инвестиция тартуға және басқа да бағыттарға ықпал ететін болады.



Сонымен қатар елордада өмір сүрудің негізгі салаларына заманауи технологиялар қарқынды енгізіліп жатыр. Мәселен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында жасанды интеллект модульдері өтініштерді нақты уақыт режимінде талдайды. Сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау процесі толық цифрландырылған. Операторлардың жұмысы GPS-мониторинг пен фотофиксация жүйесі арқылы онлайн бақыланады.

«Денсаулық сақтау саласында маңызды қадам – жасанды интеллект элементтерімен жабдықталған PACS жүйесін (цифрлық радиология) енгізу. Ол 4 миллионнан астам зерттеуді бірыңғай мұрағатқа енгізеді. Бұл диагностика мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді. Медициналық қызметтерді жақсарту мақсатында жыл соңына дейін жедел жәрдем автопаркінің 100 көлігі (әрқайсысында 4 камера) бейнебақылау жүйесімен жабдықталады, деректер 30 күнге дейін сақталады (қанатқақты жоба аясында 1 көлікке қосылды). Жүйе шақыру орнынан нақты уақыт режимінде видеожазба жіберуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде аясы тар бейінді мамандардың онлайн қосылып, қашықтан консилиум өткізуіне, жедел медициналық шешім қабылдауына және жедел жәрдем бригадаларының қауіпсіздігіне жағдай жасайды» деді Таңат Өскембаев.

Цифрлық технологиялар шағын және орта бизнеске де енгізіліп жатыр. Қалада бүгінде 260 мың ШОБ субъектісі жұмыс істейді, олардың экономикадағы үлесі 60%-ға жетіп отыр, ал секторда жұмыспен қамтылғандар саны – 530 мың адам.

«Бизнес үшін басты міндет – инновацияға сенімді инвестиция салу. Мемлекет үшін міндет – тәуекелдерді азайтуға және жобалардың тиімділігін арттыруға жағдай жасау. Президент Жолдауында өңдеуші өнеркәсіпке ерекше назар аударылған. Қазіргі таңда инвесторлардың қайта өңдеу, машина жасау, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдары өндірісіне қызығушылығы артып отыр. Бұл бағыттағы жұмысқа Астананың №1 индустриялық паркі ерекше үлес қосып отыр. Ол республика бойынша өндіріс көлемінде көш бастап тұр, жұмыс істеген кезеңде 8,7 трлн теңгеге өнім шығарған. Сондай-ақ 340 млрд теңгеден астам салық төлеп, шамамен 159 млрд теңгенің өнімін экспорттаған. Бұған қоса, бюджеттен бөлінген әрбір 1 теңгеге 9 теңге жеке инвестиция тартылды. Бірінші парктің оң тәжірибесін ескере отырып, мемлекет екінші паркті құру бағытында жұмыс жүргізіп жатыр» деді Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшесі Замира Құзиева.

Кездесуде сондай-ақ Астана IT University ғылыми-инновациялық орталығының директоры Бейбіт Әбдікенов (цифрлық технологиялар саласындағы мамандар даярлау туралы), «Темір Сервис Астана» компаниясының директоры Қанат Рахметов (логистика мен көлік инфрақұрылымын дамыту туралы), «Даму» қоры филиалының директоры Светлана Назарюк (шағын және орта бизнесті қолдау туралы), Қазақстан құрылысшылар қауымдастығының президенті Виктор Микрюков (тұрғын үй құрылысы туралы), «Жастар рухы» жастар қанатының өкілі Ержан Хамитов (жастардың цифрлық трансформациядағы және адами капиталды қалыптастырудағы рөлі туралы) баяндама жасады.

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек Президенттің тапсырмалары толықтай қала тұрғындарының мүддесі мен қоғам ұсыныстарын ескере отырып жүйелі түрде орындалатынын атап өтті.

«Бірлескен күш-жігерімізбен Астананы инвестициялар, таланттар мен инновациялық технологиялар тоғысатын орталыққа айналдырамыз» деді ол.

Кездесу қорытындысы бойынша Жолдауды қала деңгейінде жүзеге асыруға қатысты нақты ұсыныстар әзірленді.

ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында елорда мектептерінде жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық дәрістер өткізілуде. Сондай іс-шара қаладағы №116 Келешек мектебінде де ұйымдастырылды. Жалпы қалалық құқыққорғау органдары қызметкерлерінен құралған топтар бір күнде елорданың 6 ауданындағы 24 мектепте дәріс беруде.

Райхан РАХМЕТОВА

Дәріс барысында спикерлер әр баланың теріс ісі болашағына ғана емес, айналасындағы адамдарға да әсер ететіні, сондықтан заң аясында әрекет етіп, әр қадамына аса мұқият болудың маңыздылығын атап айтты. Күш қолдану, бұзақылық жасау, суық қару немесе атыс қаруын заңсыз айналымға түсіру қылмыстық жауапкершілікке әкелетінін ескертті. Мұндай құқықбұзушылықтар қатаң бақылауда болады және барлық жағдай құқық қорғау органдарында қарастырылады.

– Ата-аналардың жауапкершілігіне келсек, олар балаларының тәрбиесіне жауапты. Егер кәмелетке толмағандар заңды бұзса, бұл олардың отбасына да әсер етеді. Мұндай жағдайда ата-аналарға қатысты да тиісті шаралар қолданылуы мүмкін.Тәртіпті өрескел бұзғаны, төбелеске қатысқаны, бұзақылық әрекеттер жасағаны немесе тыйым салынған заттарды сақтағаны үшін оқушыларды білім беру ұйымынан шығару қарастырылған. Сонымен қатар мұндай жағдайлар Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияда қаралып, қажет болған жағдайда девианты мінез-құлықтағы балаларға арналған арнайы мектепке жіберу туралы шешім қабылдануы мүмкін. Егер сізді біреу ренжітсе немесе заңға қайшы әрекеттердің куәсі болсаңыз, мәселені шешуді жалғыз өзіңізге қалдырмаңыз. Көмек алуға болатын қызметтер бар: тегін 111 байланыс орталығы, мектептерде орналастырылған QR-код арқылы психологиялық қолдау орталығы, сондай-ақ мектеп психологтары мен ұстаздары. Өз сезіміңізбен бөлісуден қорықпаңыз, ересектер әрдайым сізге көмектесуге дайын, – деді аталған мектеп директоры Эльмира Төлепқызы.

Алматы ауданы Полиция басқармасының Ювеналды полиция бөлімінің аға инспекторы, полиция майоры Ақдидар Шаримбекова кәмелетке толмағандарға қатысты тәртіп мектеп ауласынан басталуы керек деп санайтынын жеткізді.

– Мектеп формасынан бастап оқушының қалыптасқан бет-бейнесі сақталғаны дұрыс. Қазір кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық саны өкінішке қарай, күннен күнге өсуде. Кешкі уақытта, яғни сағат 22.00-ден соң заңды өкілсіз тұрғын үйден тыс жерде жүрмеу керек. Түнгі қала қауіпті, қауіпсіздігіңізді сақтап, келеңсіз жағдайға душар болмау үшін жай сенделіп, бос көше кезбеген абзал. Әлеуметтік желі арқылы бірін-бірі балағаттап, хабарлама жазу, жәбірлеу немесе алаяқтық мақсатта біреуді пайдалануға болмайды. Жаңа мектепке енді қадам басып жатқанда бір-біріңізге үйренісіп, жаңа тәртіпке, ортаға бағынуға уақыт қажет. Сіздер қашан да жан-жақты ұстаздар, ата-ана, мектеп тарапынан басты назардасыз, мектеп беделіне нұқсан келтірмей, үлгілі жағыңызбен көзге түсіңіздер, – деді А.Шаримбекова.

МӘМС: ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БАР?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Астана филиалының мамандары Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету орталығында МӘМС-ке қатысты жаңа өзгерістерді кеңінен түсіндірді. Оған елорда тұрғындары мен дәрігерлер қатысты.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Мамандардың айтуынша, енді соңғы бес жылда тұрақты төлем жасаған азаматтар уақытша жарна төлемей қалса да, сақтандырылған мәртебесін алты айға дейін сақтап қала алады. Бұған дейін бұл мерзім үш аймен шектелген еді. Аталмыш азаматтарды қиын жағдайда да медициналық көмексіз қалдырмауға бағытталған қадам. Сонымен қатар сақтандыру мәртебесіне қарамастан тегін көрсетілетін қызметтердің тізімі кеңейді. Яғни, онкологиялық ауруларға скрининг, туберкулез, АИТВ, вирусты гепатит, бауыр циррозы, онкологиялық, психикалық, сирек кездесетін аурулар, инфаркт пен инсульт бойынша кеңес беру мен диагностика тегін көрсетіледі.

«2026 жылдан бастап МӘМС базалық пакеті жаңа қызметтермен толықтырылады. Атап айтқанда, амбулаториялық диализ, 1-2 топтағы созылмалы ауруларға динамикалық бақылау және кеңес беру, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және жоспарлы стационарлық және стационарды алмастыратын көмек» дейді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Астана филиалының бөлім жетекшісі Шынар Сатылханқызы.

Жиынға қатысқан азаматтар сақтандыру мәртебесін тексеру жолдары, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың жарна төлеу тәртібі, пациенттердің шағымдарын қарау және медициналық қызмет сапасына қатысты сұрақтарға толық жауап алды.


Қор мамандары мұндай кездесулерді алдағы уақытта да жалғастырып, халыққа медициналық сақтандырудың артықшылықтарын түсіндіріп отыратынын айтты.



№107 (4851) 11/09/2025 Бейсенбі

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЦИФРЛЫҚ КЕЛБЕТІ

Айгүл УАЙС



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек» деген сөзі – осы бағыттағы басты ұстанымның айқын көрінісі.

Расында жаңа заманның сын-қатерлеріне дер кезінде үн қатып, әлемдік технологиялық үдерістердің көшінен қалмау – үлкен жауапкершілік пен жедел трансформациялық реформаларды қажет етеді. Бұл бағытта әр салада түрлі деңгейде атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Соның бір парасы ұлттық телекоммуникация операторы – «Қазақтелеком» компаниясына тиесілі. Әсіресе, отандық цифрлық платформаны дамыту, медиакеңістіктегі қазақша контенттің үлес салмағын арттыру, елдің киноөндірісін қолдау, білім беру платформасы арқылы қала мен ауыл оқушылары арасындағы алшақтықты қысқартып, жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету секілді ауқымды жобалар еліміздің ең ірі телеком-операторының еншісіне тиіп отыр.

> Ақпараттық технология қарыштап дамып, жасанды интеллект өмірдің барлық саласына дендеп енуде. Әлем елдері экономиканың жаңа секторы – креативті индустрияға басымдық бере бастады. Осындай кезеңде ұлттық цифрлық контентті дамыту мен нығайту – елдің ақпараттық қауіпсіздігі мен дербестігінің кепілі ғана емес, жаһандық цифрлық монополияға тәуелділікті жоятын стратегиялық қадам.

ҚАЗАҚША КОНТЕНТ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Мемлекеттің креативті индустрияны дамытудағы маңызды бір бағыты – қазақ тіліндегі сапалы дубляж өндірісін өрістету. Көркем фильмдер мен мультфильмдердің, телесериалдар мен анимациялық жобалардың қазақша сөйлеуі – тілдік ортаны кеңейтіп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды заманауи формада жеткізуге септеседі, шетелдік туындыларды жергілікті көрерменге «ұлттық көзқарас призмасы» арқылы беруге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы қазақ тілінің қолданыс аясын арттыруға бағытталған практикалық жұмыстарға, оның ішінде білім беру ісіндегі, технологиядағы және медиа саласындағы қазақша контент пен цифрлық өнімдерді әзірлеуге айрықша мән беру қажет екенін айтып жүр.

Бұл орайда TV+ жобасы аясында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бүгінде аталған платформадағы қазақ тілінде дубляждалған мультфильмдер мен фильмдердің саны күн санап артып келеді. Қазақша дыбысталған дайын өнімдерді айтпағанда, ұлттық оператор отандық дубляж ісіне өзі де қомақты үлес қосып отыр. Мәселен, TV+ аясында алғаш рет Walt Disney студиясының танымал фильмдері мен анимациялық картиналары қазақ тілінде дыбысталып, көрерменге қосымша ақысыз ұсынылғанын атай кеткен жөн. Бұл – әлемдік студия өнімдерінің қазақша нұсқалары халыққа жүйелі түрде жеткізілген тәуелсіз ел тарихындағы алғашқы тәжірибе.

Қазіргі таңда платформада Disney-дің қазақша дубляждалған 60 фильмі бар болса, жыл соңына дейін 87-ге жеткізу жоспарланып отыр.

Disney-дің қазақша дубляжы – тек мәдени оқиға емес. Бұл сонымен қатар – идеология. Ұрпақтың бойына туған тілдің қадірін сіңіретін, ұлттық бірегейлікті бекітетін қадам. Бүгінгі балалар «Арыстан патшаны» қазақша көріп өссе, ертеңгі күні қазақ тілін өз өмірінің ажырамас бөлігі ретінде қабылдайды. Міне, осындай жобалардың арқасында ана тіліміз шын мәнінде қоғамды біріктіретін күшке айналады.

«Біз фильм ғана көрсетпейміз, біз армандар мен құндылықтарға жол ашамыз. Әр бала өз тілінің, өз дауысының, өз болашағының маңызын сезінуі керек» дейді онлайн платформа өкілдері. Бұл – тіл саясатының да, мәдениетіміздің де басты ұстанымымен үндесіп жатқан ой. Тілдің болашағы экранда, цифрлық кеңістікте барынша көрініс табуы тиіс.

TV+ деректеріне сенсек, биыл ең көп қаралған ТОП 100 тайтлдың 44-і – қазақ тілінде, ал олардың жиынтық көрермен саны 416 мың бірегей қаралымға жетті. Бұл көрсеткіш – қазақ тіліндегі контент үшін тарихи рекорд. Демек, олар ұсынып отырған қазақ тіліндегі сапалы контент қоғамдық сұранысқа да толық жауап беретінін көрсетеді.

ОТАНДЫҚ СЕРИАЛДАРҒА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Қазіргі таңда әлемдік киноөндіріс державалары телесериалдарды экспорттау арқылы оларды мәдени дипломатияның қуатты құралына, яғни «жұмсақ күшке» айналдырып отыр. Мәселен, Жапония мен Оңтүстік Корея анимелері, K-drama және K-pop сияқты мәдени өнімдерді ғаламдық деңгейде тарату арқылы оң имидж қалыптастырып қана қоймай, өздерінің мәдени ықпалын да күшейтті. Ал Түркия теледрамалары әлеуметтік және мәдени бейнелерді дәріптеп, Азиядан бастап Латын Америкасына, тіпті Батыс елдеріне дейін «Түрік әсерін» кеңінен танытып келеді. Бүгінде Түркия мен Оңтүстік Корея Голливуд пен Ұлыбританиядан кейін телесериалдарды ең көп экспорттайтын елдердің қатарына енді. Мәселен, 2024 жылы Түркия 300-ден астам сериалды 200 елге таратып, 500 миллион АҚШ долларынан астам табыс тапса, Оңтүстік Корея 2022 жылы теледрама экспортынан 561 миллион доллар кіріс иеленді. Бұл көрсеткіш оның электроника мен автомобиль өндірісінен түсетін кейбір дәстүрлі экспорттық табыстарын да басып озды.

Қазақ қоғамында да соңғы жылдары отандық сериалдардың өндірісі қарқынды дамып, сапасы артып келеді. Дегенмен, түсірілген барлық туындыға телеарналардың эфирінен орын табыла бермейтіні анық. Көрермені болмаса – кез келген туындының ғұмыры қысқа.

Осы тұрғыдан алғанда, онлайн платформалардың маңызы ерекше. Олар жаңа жобалардың кең аудиторияға жетуіне мүмкіндік беріп қана қоймай, көрерменге қалаған уақытында сапалы контент көруге жағдай жасайды.

TV+ жобасы бұл миссияны табысты атқарып келеді. Бұл жоба бүгінде жүздеген телеарналар мен 7 онлайн-кинотеатрды біріктіріп отыр.

Платформа көрермендерге көптеген отандық сериалдарды, соның ішінде Salem Entertainment компаниясының эксклюзивті 40-тан астам жобасын ұсынады. Бұл студия туындыларының жоғары рейтингі қазақстандық көрерменнің отандық сериалдарға деген зор қызығушылығын айқын көрсетіп қана қоймай, компанияның бұл саладағы қадамының сәтті болғанын да дәлелдейді.

Жаңа маусымда Salem-нің қоғамда белең алған тұрмыстық зорлық-зомбылық, спорттағы сыбайлас жемқорлық және басқа да өзекті мәселелерді қозғайтын сериалдарының премьералары ұсынылмақ. Атап айтқанда, 2 қыркүйекте – «Шыда-2», 16 қыркүйекте – «Няня-2», 7 қазанда – «Гимназия», 15 қазанда – «Офсайд», 10 желтоқсанда – «Зомбеты», «Дорога в рай», 15 желтоқсанда «Мошенники-2» туындылары көрерменге қолжетімді болады.

Мұндай туындылар көрермен үшін тек қызықты уақыт өткізу құралы ғана емес. Олар қазақ қоғамының жаңа құндылықтарын бойына сіңіріп, Жаңа Қазақстандағы өзгерістерді экран тілімен жеткізуге ықпал ететін маңызды мәдени арнаға айналып отыр.

БАСТЫ МАҚСАТ – ЦИФРЛЫҚ ТЕҢСІЗДІКТІ ЖОЮ

Қазақстанның жаңа дәуірі – білім мен технологияның тоғысқан тұсы. Заманауи өзгерістер отандық білім беру саласына да жаңа міндеттер жүктеп отыр. «Қазақтелекомның» бұл бағытта да уақыт талабын тап басып, алдыңғылардың бірі болып трансформацияға ұмтылысын байқаймыз. Атап айтқанда, бұл жоба тек киноконтентпен шектеліп қалмай, білім беру бағытындағы мазмұнға ден қоя бастағаны қуантады.

Мәселен, mektep-online.kz бірлескен жобасы – осы стратегиялық міндетті жүзеге асыру жолында білім берудегі цифрлық контент жүйесіне жаңа серпін берген бастама.

Қазақстанда 8 мыңға жуық мектеп бар, онда 3,5 миллионнан астам оқушы білім алады. Сапалы білім – әр баланың құқығы дейтін болсақ, олардың бәріне бірдей сапалы білім ұсыну үшін цифрлық құралдар аса қажет. «TV+ платформасында «Back to school» акциясымен ұсынылып отырған бейнесабақтар сырқаттанып сабақтан қалып қойған немесе мектепте білім алуға мүмкіндігі шектеулі балаларға Қазақстанның қай түкпірінде өмір сүрсе де, ата-анасының әлеуметтік жағдайына қарамастан сыныптағы материалды толық меңгеруі үшін тең мүмкіндік береді» дейді TV+ жобасының контент-директоры Сандуғаш Рахымжанова.

Жоба тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де үлкен көмекші құрал болып отыр. Платформада математика/алгебра, физика, химия, биология, геометрия пәндері бойынша барлығы 5536 бейнесабақ қазақ және орыс тілдерінде ұсынылып отыр. Одан бөлек, әдістемелік нұсқаулықтар, жаттығу тапсырмалары мен тесттер бар.

Бұл – мұғалімнің уақытын үнемдеп, сабақ сапасын арттыратын мүмкіндік. Ал ата-аналар үшін баласының білімін бақылап отырудың қосымша тетігі.

Платформаның ең басты ерекшелігі – оны қолдану үшін күрделі қосымшалар орнатудың қажеті жоқ, браузер арқылы кіруге болады. Сондай-ақ курстарды оқу жоғары жылдамдығы бар интернетті қажет етпейді.

Мемлекет басшысы «Цифрландыру мен жасанды интеллектіні игеру білім саласындағы теңсіздікті еңсеріп, оқу сапасын айтарлықтай арттыруға үлес қосады» деген болатын. Міне, mektep-online.kz – Президенттің осы ұстанымына толық үндес келетін жоба.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ ТІРЕГІ

Қоғамның тұрақтылығы мен дамуы ең алдымен заң үстемдігіне байланысты. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кешегі Жолдауында: «Заң және тәртіп» – мемлекетіміздің мызғымас тұғыры. Қоғамда осы қағиданы түбегейлі орнықтыру үшін барлық құзырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. Бұл – ең алдымен, ешқандай құқық бұзушылыққа жол бермеу қағидасы, яғни кез келген заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстаным. Сондықтан мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмысын барынша қолдау қажет. Сонда ғана елімізде құқық бұзушылыққа, озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы сана-сезім қалыптасады, қоғамға жат кез келген әрекетке төзбеушілік пайда болады. Бұл – мемлекет үшін ғана емес, әрбір азаматтың күнделікті өмірінде басшылыққа алатын басты қағида, – деп ерекше атап өтті.

Осы ұстанымды кеңінен насихаттау мақсатында «Қазақтелеком» компаниясының TV+ платформасында арнайы «Заң және тәртіп» контент топтамасы ұсынылып келеді. Бұл – тек тележобалар жиынтығы емес, қоғамға құқықтық мәдениет пен жауапкершілікті жеткізетін маңызды ақпараттық-идеологиялық құрал.

Жоба басшыларының бірі Сандуғаш Рахымжанова: «Заң және тәртіп» топтамасы азаматтарға құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған. Заң үстемдігі мен әділеттілікті қоғам санасына сіңіру – мемлекеттік саясаттың басты бөлігі. Медиа алаңдағы осындай жобалар ресми түсіндіруден гөрі көрерменге жақын, тартымды әрі әсерлі болатынын ескердік» дейді.

Бүгінде аталған топтамамен берілген медиамазмұн шетелдік үздік киноөнімдермен қатар «Патруль-7», «Жауап бер», «Прокурор», «Qaitalanbas», «Закладка» секілді отандық контентпен де қамтылған.

Құқық қорғау органдарының қызметін ашық көрсететін бұл туындылар халықтың оларға деген сенімін арттырады. Тәртіп сақшыларының күнделікті еңбегі, сот пен прокуратураның қызметі, төтенше жағдайларда көрсетілетін көмек – бәрі де қоғамға заңның әділдігі мен мемлекеттің жауапкершілігін етене танытады.

Заңға бағыну – кез келген өркениетті қоғамның мәдениетінің көрсеткіші. «Заң және тәртіп» топтамасы осы құндылықты дәріптеу арқылы ұлттық бірегейлік пен мемлекетшіл санаға үлес қосып отыр. Бұл – Жаңа Қазақстан құндылықтарының медиа кеңістіктегі көрінісі.

Жаһандық цифрлық дәуірде ұлттық мүдде мен мәдени болмысты сақтап қалудың ең пәрменді жолы – өзіміздің сапалы цифрлық контентімізді қалыптастыру. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, цифрландыру мен жасанды интеллект – мемлекеттік саясаттың басым бағыты. Бұл бағыттағы стратегиялық қадамдардың нақты жүзеге асуы «Қазақтелеком» секілді ұлттық оператордың жобаларынан айқын көрінеді.

Ұлттық контентті дамыту жай ғана мәдени бастама емес, ол – мемлекеттің идеологиялық тірегі, тілдің болашағын айқындайтын, жаңа ұрпақтың құндылықтарын қалыптастыратын стратегиялық міндет. Сондықтан цифрлық теңсіздікті жою, қазақша контенттің үлесін арттыру және Жаңа Қазақстанның құндылықтарын экран тілімен жеткізу – ел дамуының жаңа дәуіріндегі басты бағдарға айналмақ.





Зұлфухар ҒАЙЫПОВ,
саяси ғылымдар докторы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік саясат пен қоғамдық қатынастар зерттеу орталығының директоры, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, ҚР Ұлттық Құрылтай мүшесі:

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРАТЫН ЖОЛ КАРТАСЫ

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің ішкі және сыртқы геосаяси жағдайларын жан-жақты саралай отырып, ел дамуының негізгі жеті бағытын атап өтті. Олар:

1. Инвестиция тарту.

2. Өңдеу өнеркәсібін дамыту.

3. Ауыл шаруашылығын дамыту.

4. Жасанды интеллект саласын жетілдіру.

5. Көлік және логистиканы дамыту.

6. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту.

7. Кәсіпкерлікті дамыту және экономиканы жан-жақты жаңғырту арқылы адами капиталды дамыту.

Мемлекет басшысы: «Әлем экономикасында теңсіздіктер мен қайшылықтар ушыға түсті. Кейбір мемлекеттер экономикалық дамуда артта қалып жатса, енді бір елдер жасанды интеллект саласында теңдессіз табысқа жетуде. Халықаралық құқықтың мән-маңызы әлсіреп, Біріккен Ұлттар Ұйымы қазіргі басты түйткілдерді шешуге қауқарсыз болып отыр» дей келе, «Менің ең басты мақсатым – елімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деп ерекше атап өтті.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы өзге дамыған елдермен қатар көштен қалмау үшін жасанды интеллект мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалану қажеттігін ескертті. Осыған байланысты Цифрлық кодекс қабылдау қажеттігіне тоқталды.

Қарқынды дамып келе жатқан елдерде ірі қалалар инвестиция мен технологияны өзіне тартатын орталық екені баршаға аян. Президенттің айтуынша, сондай қалалардың бірі – Alatau City ақылды қаласы болуы тиіс. Ол үшін цифрландырудың барлық әлеуетін тиімді пайдалану қажет.

«Алатау қаласы – еліміздің жаңа іскерлік және инновациялық орталығы болуға тиіс. Жалпыұлттық маңызы бар осы жобаны жүзеге асыру үшін арнайы жер бөлінді, бастапқы жоспарлау жұмыстары аяқталды, инфрақұрылымның негізгі желілері қосылды» деді Президент.

Сонымен қатар, осындай ауқымды жобаларды жүзеге асыру үшін елге инвестиция тарту, инвесторларға жеңілдіктер ұсыну, екінші деңгейлі банктердің қаражатын ішкі инвестициялық жобаларға бағыттау қажеттігі айтылды. Осыған орай Мемлекет басшысы «Банк туралы» арнайы заң қабылдау керектігін де атап өтті.

Президент экономиканы дамытудың негізгі факторы – адами капитал екенін ерекше атап өтіп, бұл бағытта нақты шаралар ұсынды. Атап айтқанда:

• Жасанды интеллектті мектеп бағдарламасына енгізу;

• Қажет болса арнайы оқулықтар әзірлеу;

• Қазақ тілінде digital мектептер ашу;

• Ұстаздардың жаңа технологияларды меңгеруін қамтамасыз ету;

• Қашықтан оқыту және жасанды интеллект негізінде «Qazaq Digital Mektebi» атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеу.

«Мұндай платформа, әсіресе, ауылдық жерлердегі оқушыларды сапалы біліммен қамтуға мүмкіндік береді» деп шегелеп айтты.

Бұдан бөлек, Ғылым – Білім – Инновация үштағаны бірігіп, адами капиталды дамытуға қызмет етуі қажет. Керек болған жағдайда шетелдік мамандарды немесе шетелде жүрген отандық ғалымдарды елге тарту маңызды екендігі де айтылды.

Қорыта айтқанда, Жолдаудың негізгі миссиясы – Үкіметтің әр әрекеті халыққа пайда әкелуі керек, тұрмысы жеңіл болу керек, экономика дұрыс жұмыс істесе, әділетті қоғам орнайды дегенді білдіреді. Бұл Жолдауды еліміздің қысқа мерзімдегі экономикалық әлеуетін арттырудың жол картасы деп айтуға болады.



Кендебай АДАМБЕК,
Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы:

ТУРИЗМ САЛАСЫН ТҰРАҚТЫ ЖАНДАНДЫРУ ҚАЖЕТ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында туризм саласында түйткілдер бар екенін ескертіп, қосымша тапсырмалар берді. Енді туризм инфрақұрылымының жүйелі дамуы негізгі басымдық және жергілікті атқарушы органның тікелей құзырында болмақ.

Осы жылдың 28 қаңтарында Президент ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында: «Кешіктірмей шешуді талап ететін келесі міндет – туризмді жаңа экономикалық өсім нүктесіне айналдыру. Бұл салада біз арта қалып келеміз, жұмыс нәтижелері көңіл көншітпейді» деп баға берді.

«Дүниежүзілік экономикалық форумның бағалауы бойынша еліміз туризм саласындағы іскерлік ортаны дамыту деңгейі тұрғысынан 119 елдің ішінде 70-орында тұрмыз. Бұл мақтанатын көрсеткіш емес. Демек, бұл салада бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасалмаған. Сол себепті туристер нөпірі артқанмен, курорттық аймақтардағы орын саны өспек тұрмақ, керісінше, азайып барады. ...Соның салдарынан бюджет тұрақты салық түсімімен, ал өңірлер жұмыс орындарынан қағылып отыр» деп 2024 жылдың 13 маусымында туризмді дамыту бойынша кеңесте де сынаған болатын.

Ал биыл 10 шілдеде Президент Алакөл туристік аймағының дайындығына назар аударғанда, Астанада туризмнің дамуына жауапты мүдделі басшылар мен қызметкерлердің де қаперіне салды.

Астананың туристік саласын дамыту мәселесі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Қалаға 2023 жылы 1,3 млн, 2024 жылы 1,5 млн турист келуі аталған саланың үлкен әлеуетін көрсетеді. Туризм арқылы экономикаға тікелей кіріс кіреді, жұмыс орындарының саны өседі және халықаралық имидж нығаяды. Дамыған елдерде бұл ішкі өңірлік өнімнің 10 пайызынан асқан, бізде 3 пайыздан енді көтерілді.

2024 жылдың 3 шілдесінде туризмді дамытуға арналған мәслихаттың бейімді комиссиясының отырысында қаулы қабылданған. Бұл мәселе 2023 жылы да жұмыс бабында көтерілген еді.

Қалада туризмді дамытудың стратегиясын тез арада дайындап, орындауға алу керек. Бұған қоса, туристік тартымдылықты арттыру мақсатында елордада ұлттық нақыштағы базар ашу не жасақтау мәселесі де уақыт талабына сай тұр. Қонақ үйлер мен сауда орталықтарындағы бөлімдер мәселені толық шешпейді.

Қоғамдық дәретханалар мәселесі елдігімізге сын. Дәретхана – туристік экожүйенің маңызды элементі екенін түсіну керек. Бұл – елдің туристке деген құрметінің көрсеткіші. Санитарлық жағдайды жақсарту стратегиялық маңызы бар, тек қана туризмге керек мәселе емес. «Қытай дәретхана революциясы» мемлекеттік бағдарламасымен заманауи 68 мың дәретхана салып, оған 25 млрд юань (шамамен 3,6 млрд АҚШ доллары) жұмсады.

2021-2025 жылдарға арналған Астана қаласын дамыту жоспары биыл аяқталады. 2026-2030 жылға арналған жаңа дамыту жоспарын дайындауда туризмді дамыту бойынша жүйелі шаралар мен индикаторлар болуы міндетті.

Сарапшылар пікірінше, Астанада туристік өнімдер мен операторларды көбейту керек. Бас қалада экскурсия бар, алайда қалаға 5-7 күндік толыққанды турлар қажет. Келген қонақтар ең көп дегенде екі күн ғана қонады. Бұрын қаламызда ашық аспан астында «Атамекен» музейі бар еді. Ол жабылды, орнына ештеңе ұсынылмады. ЭКСПО-да музей болған, ол да жабылды. «Бәйтерек» бар, бірақ қасында ештеңе жоқ. Қолөнершілер базары, шәйханалар, киіз үйлер және тағы басқа тартымды шаралар ұйымдастыру керек. «АЛЖИР» музейі бар, қасында туристік инфрақұрылымы қажет.

Тағы бір мәселе – мақсатты нарық. Астананың туристік маркетингте қатысатын көрмелері өз мақсатты нарығын табу керек. Айталық, Астанаға Ресей №1 турист болу керек деп пайымдаймыз. Ресейдің бізбен шекаралас облыстарында 32 млн халық тұрады. Маркетингті дұрыс жолға қойсақ, Ресейден жылына 500 мыңнан аса турист қабылдай аламыз.

Марат МҰСТАФИН,
қоғам қайраткері, Астана қаласы Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

СУ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ РЕСУРС



– Менің ойымша, Жолдауда Мемлекет басшысының су мәселесіне ерекше назар аударуы өте орынды әрі уақытылы шешім болды. Су – еліміз үшін ең маңызды әрі стратегиялық ресурс.

Президенттің өзі де атап өткендей, «қазір құзырлы органдарда еліміздегі су ресурстарының қолжетімді көлемі туралы нақты мәлімет жоқ. Кейбір каналдағы судың 50-60 пайызы далаға кетуде». Сондай-ақ «суды есепке алу технологиясы әбден ескірген. Суды бөліп таратын орындарда қазіргі заманға сай құрылғылар жоқ». Бұл жағдай экологиямызға ғана емес, сонымен бірге еліміздің экономикалық дамуына да кері әсерін тигізеді.

Жолдауда ұсынылған су саласындағы цифрлық жаңғыру, әсіресе су ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасын құру идеясы мен үшін аса маңызды болып көрінді. Президент: «су ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасын жасау керек. Платформада жасанды интеллект негізінде жерүсті және жерасты сулары туралы мәлімет жинақталады. Сондай-ақ каналдардың, су қоймалары мен бөгеттердің жай-күйі жөніндегі ақпарат болады. Жоба іске қосылғанда гидрогеология мониторингі, яғни бақылау жұмысына қатысты мәселе толық шешімін табады. Осы жұмыс Ұлттық су теңгерімін қалыптастыру ісімен қатар жүргізілуге тиіс. Бұл – ұзақ мерзімге арналған су саясатын жоспарлаудың аса маңызды тәсілі. Онсыз бұл салаға тиісті бақылау орнатып, инвестиция тарту мүмкін емес» деп атап өтті.

Шын мәнінде Жасанды интеллект негізінде құрылатын бұл платформа су қоймалары мен бөгеттердің жағдайын бақылап, гидрогеологиялық мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл еліміздің су ресурстарын тиімді басқаруға және ұтымды пайдалануға жол ашады.

Сонымен қатар, президенттің сөзінен түйіндесек, су дипломатиясы саласында кәсіби мамандарды даярлау мәселесіне де ерекше көңіл бөлу керек. Өйткені су – тек экологиялық емес, халықаралық маңызы бар мәселе. Осы бағытта нақты қадамдар жасау еліміздің тұрақты дамуы мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуде үлкен үлес қосады.

Осылайша, Жолдауда айтылған ұсыныстар толық жүзеге асырылса, Қазақстан су ресурстарын тиімді басқарып, болашақ ұрпаққа таза әрі қолжетімді суды қамтамасыз ететін елге айналары сөзсіз.

Назгүл МАҚЖАН,
Астана қаласы әкімі жанындағы әйелдер және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары, әкімнің гендерлік мәселелер жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі:

БОЛАШАҚҚА БАСТАЙТЫН НАҚТЫ БАҒЫТ



– Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа арнаған биылғы Жолдауында да әдеттегідей еліміздің болашағы үшін аса маңызды мәселелер көтерілді.

Мемлекет басшысы ерекше атап өткендей, «Заң және тәртіп» – мемлекетіміздің мызғымас тұғыры. Бұл қағидатты қоғамда түпкілікті орнықтыру үшін барлық құзырлы органдардың ортақ көзқарасы мен ортақ ұстанымы қажет. Яғни, кез келген заңсыздыққа қарсы тұру – әрбір азаматтың да, әрбір мекеменің де міндеті. Өкінішке қарай, бүгінгі қоғамда дөрекілік таныту, жанжал шығару, қоғамдық тәртіпті бұзу жиі байқалады. Әсіресе, мұндай келеңсіздіктерге әйелдердің араласуы ұлтымыздың абыройына нұқсан келтіреді. Қазақ әйелі мейірімнің, ізгіліктің, тәрбиенің бейнесі болуы керек. Сондықтан Мемлекет басшысының заң бұзушылыққа нөлдік төзімділік қағидасын толық қолдаймын. Әділдік, сыйластық пен мәдениет – біздің ұлттық иммунитетіміздің тірегі.

Президентіміздің жол қауіпсіздігіне қатысты айтқан ойлары да өте өзекті. Жыл басынан бері 22 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелгені – әрқайсымыздың жүрегімізді ауыртады. Бұл – тек полицияның немесе мемлекеттің емес, әрбір жүргізушінің жауапкершілігі. Жолда тек өз өміріміз үшін емес, өзгелердің де өмірі үшін жауапты екенімізді сезінуіміз керек. Көлік жүргізу мәдениеті мен тәртіп – өркениетті қоғамның айнасы.

Сондай-ақ Жолдауда әлеуметтік саясаттағы артықшылықтар мен жеңілдіктерді біріздендіру мәселесі өте орынды көтерілді. Мемлекет ең әлжуаз топтарды қорғаудан ешқашан бас тартпайды, бірақ әлеуметтік масылдық пен алаяқтыққа жол беруге болмайды. Артық төлемдер мен негізсіз жеңілдіктердің көбеюі елдің дамуына қажетті қыруар қаражаттың ысырап болуына әкеледі. Бұл – мектеп, аурухана, инфрақұрылым салу ісіне кедергі. Сондықтан жеңілдіктерді әділ, нысаналы түрде бөлу – әділетті қоғам қалыптастырудың маңызды шарты.

Президентіміздің демографияны зерттеу, деректерді жүйелеу және жасанды интеллект негізінде талдау орталығын құру туралы бастамасы уақыт талабына сай. Бұл – еңбек нарығының сұранысын болжауға, зейнетақы жүйесін тұрақтандыруға, болашаққа сапалы шешім қабылдауға жол ашады. Президентіміздің Жолдауындағы әрбір бастама – еліміздің жарқын болашағына бағытталған нақты бағыт.



№107 (4851) 11/09/2025 Бейсенбі



ДАРАЛЫҚ БОЛМАСА, ТУРИСТ ТАРТА АЛМАЙМЫЗ

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қазақстанға, әсіресе, Астанаға келетін туристердің саны жыл сайын артып келеді. Өйткені шетелдіктерді біздің кең-байтақ жеріміздің әсем табиғаты ғана емес, қазақ халқының мәдениеті мен тұрмыстық ерекшелігі де қызықтырады.

Туризм – жай ғана демалыс емес. Ол – елдің экономикасына, мәдениетіне, халықаралық беделіне әсер ететін стратегиялық сала. Әлем елдері туризмді қарқынды дамытуды ұлттық басымдықтардың бірі ретінде қарастырады. Себебі әрбір турист – жаңа жұмыс орны, қосымша табыс көзі, ел жайлы әлемге тарайтын жақсы пікір таратын насихатшы саналады. Екінші тұрғыдан алғанда, туризм – мемлекет жарнамасы. Қазіргі таңда дүниежүзілік сипат алып отырған бұл сала тек табиғатпен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, сәулет пен ескерткіштердің тартымдылығымен, салт-дәстүрдің даралығымен де ерекшеленіп отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанның Орта Азияның туристік шаңырағына айналуына еш қиындық жоқ еді. Алайда Қазақстан үкіметі туризмді дамыту жоба-жоспарын жасағанымен, еліміздегі туристік орындардың көбінің шарт-жағдайы көңілдегідей емес. Бәрі маусымдық сипатты саяхаттың шеңберінен шыға алмайды. Туризм үгіті тебінсіз. Еліміздің көркем жерлерін таныстырған бірер фильмнен басқа, туристік орындарды, туристерге жасалатын қолайлылықтарды таныстыратын ақпарат жоқтың қасы. Қазақстанның көптеген туристік орындары шетелдік туристерді көптеп қабылдауға әлі дайын емес. Әсіресе, шетелдік туристерді баурайтын Этнографиялық туризм тұралап тұр.

Этнографиялық туризм – ұлттық ерекшелікті айшықтап көрсететін ең маңызды сала болса да, ол бізде жүйелі түрде дамымаған. Мысалы, киіз үйде түнеп, қымыз ішіп немесе бүркітшілердің өнерін тамашалауды қалап келген туристер көбіне Моңғолияға бет түзейді. Себебі ол ел этнотуризмді ұлттық брендке айналдырып, халықаралық деңгейде жарнамалап үлгерді. Осыдан 5-6 жыл бұрын АҚШ президенті Дональд Трамптың ұлы Моңғолияға арнайы барып, киіз үйде қонғаны – соның айқын дәлелі. Ал Қазақстанда мұндай тәжірибелер көбіне тек мерекелік іс-шараларда немесе қысқа мерзімді фестивальдерде ғана көрсетіледі. Бұл туризмнің тұрақты қызмет көрсету жүйесіне айналмағанын аңғартады. Этноауылдар бар болғанымен, көбінің қызмет көрсету сапасы төмен, тек науқандар кезінде ғана жұмыс істейді. Қазақтың мәдениетін шетелде таныту да жүйелі жарнама жоқ.

Туристердің алыс аймақтарға баруы қиын, жол-көлік қатынасы жеткілікті дамымаған. Ал Астана, Алматы сияқты ірі қалаларда этнографиялық туризмді тұрақты түрде дамытатын кешендер жоқ. Шетелден келген қонақтар бұл қалаларда көбіне заманауи архитектураны көреді (ол барлық елде бар ғой қазір), бірақ қазақ халқының өмір салтын, ұлттық болмысын толық танып-біле алмайды. Жылқыны қолға үйреткен, қымызды ұлттық сусынға айналдырған, қонақжайлықты өмір қағидасы еткен қазақ мәдениеті – турист үшін зор қызық. Алайда біз осыны көрсетуге келгенде жүйелі қадам жасамай отырмыз. Тіпті әлемдік архитектураны тоғыстырған қала деп мақтанатын бас қаламызда киіз үй үлгісінде жобаланған бірде-бір құрылыс жоқ. Ал киіз үй – қазақтың баспанасы емес, тұтас дүниетанымының символы. Ол – табиғатпен үйлесім, қарапайымдылық пен рухани тереңдіктің көрінісі. Осындай нышанды сәулет өнерінде қолдана білсек, ол бір жағынан ұлттық болмысты паш етсе, екінші жағынан, елге келген шетелдіктер үшін ерекше мәдени әсер қалдырар еді. Мысалы, Бейжің Олимпиадасына арнайы тұрғызылған «Құстың ұясы» стадионы Қытайдың өзіндік брендіне айналды. Дубайдың пальма тәрізді жасанды аралдары да елдің символы болды. Біз де халықаралық деңгейде даралану үшін өзіміздің ұлттық ерекшелікті сәулетпен, туризммен, мәдени шаралармен ұштастыруымыз қажет еді. Бірақ оны әлі күнге дейін ескермей келеміз.

> Ең әуелі, жаһанға жарқырай көрінген елордамызда қазақтың төл болмысын айшықтайтын бір көше болса, ол қаланың ең үлкен туристік брендіне айналары сөзсіз. Мұндай көше сәндік үшін емес, «ашық аспан астындағы этнографиялық музей» қызметін атқаруы тиіс. Бұл көшеде ұлттық тағамдар сатылатын қымызхана, бауырсақ пісіретін шағын дәмханалар, қазы-қарта ұсынатын асханалар орналаса, турист нағыз қазақы дәмді татар еді

Енді не істеуіміз керек?

1. Еліміздің әр өңірінен, әсіресе Астана, Алматы сияқты ірі қалалардың маңынан тұрақты жұмыс істейтін этноауылдар құру керек.

2. Сәулетте ұлттық символика қолданып, киіз үй үлгісінде қонақүйлер, мәдени орталықтар тұрғызу – елордаға келген кез келген қонақтың есінде қалатын ұлттық ерекшелік болар еді.

3. Ұлттық бренд қалыптастыру мақсатында бүркітшілік, атбегілік, ұлттық ойындар мен Ұлттық тағамдарды халықаралық деңгейде таныстыруға баса назар аудару керек.

4. Жарнаманы, үгіт насихатты күшейтіп, қазақтың қонақжайлығын, көшпелі тұрмысын, жылқы мәдениетін шетелде жүйелі түрде насихаттау керек.

Бұл шаралар Қазақстанды тек табиғатымен емес, мәдениетімен де брендке айналдырады. Себебі қазіргі туристер әсем ғимараттардан гөрі халықтың өмір салтын, тұрмысын сезінуді көбірек қалайды.

Астана – тәуелсіздігіміздің символы, ел айнасы. Бас қаладағы әрбір нысан тек қызмет үшін емес, қазақтың дәстүрін бейнелейтін архитектуралық шешімге ие болса, көшенің өзі тұтас тарих болып сөйлейді. Ең әуелі, жаһанға жарқырай көрінген елордамызда қазақтың төл болмысын айшықтайтын бір көше болса, ол қаланың ең үлкен туристік брендіне айналары сөзсіз. Мұндай көше сәндік үшін емес, «ашық аспан астындағы этнографиялық музей» қызметін атқаруы тиіс. Бұл көшеде ұлттық тағамдар сатылатын қымызхана, бауырсақ пісіретін шағын дәмханалар, қазы-қарта ұсынатын асханалар орналасса, турист нағыз қазақы дәмді татар еді. Сондай-ақ бұл көше бойында зергерлер, ұсталар, ершілер, киіз басатын және кілем тоқитын шеберлер жұмыс істеп тұрса, келген қонақ қазақ қолөнерін көзбен көріп қана қоймай, қолымен жасап көруге де мүмкіндік алар еді. Бұл, бір жағынан, қолөнершілерді қолдау болса, екінші тұрғыдан, турист тартатын түйін болар еді. Аталған көшеде жыл бойы ұлттық ойындар (арқан тарту, асық ату, қыз қуу, аударыспақ), домбыра тартып, терме айтатын орындаушылардың шағын сахналары болса, ол нағыз этнографиялық орталыққа айналады. Ұлттық көше туристер үшін тек тамашалайтын жер емес, ыңғайлы демалатын, қонақтайтын, сапалы қызмет алатын орын болуы тиіс. Міне, осындай көше салынса, Астанаға келген шетелдік турист тек әсем ғимараттарды ғана емес, қазақтың болмысын да танып кетер еді.

P.S: ***Қазақстанда туризмнің табиғи әлеуеті зор болғанымен, ұлттық туризмді дамытуға келгенде біз көршіміз Моңғолиядан, Өзбекстаннан кейін қалып қойдық. Қазақтың бай тарихын, әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын әлемге көрсету – тек экономикалық табыс көзі ғана емес, елдің мәдени дипломатиясының да қуатты құралы. Егер мемлекет пен жеке сектор осы бағытқа ерекше көңіл бөлсе, Қазақстан этнографиялық туризм бойынша да әлемдік брендке айналар еді.***

ҮКІМЕТ: ҮМІТ ПЕН КҮДІК...

Жуырда Мәжілісте Amanat партиясы фракциясының кеңейтілген жиыны өтті. Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов қатысқан, фракция жетекшісі Елнұр Бейсенбаев тізгіндеген алқалы отырыста Үкіметтің бүкіл құрамын бастап келген бас министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасы мен Жолдауларындағы басым бағыттардың орындалуы туралы баяндады.

Аттымыз түсіп, жаяуымыз жатып тыңдадық. Бас министрдің баяндамасын тыңдап отырсаңыз, Президенттің Үкіметтің алдына жүктеген күллі міндеттері баянды болып жатқандай әсерде қаласыз…

Бүкіл көрсеткіштер – жоғары… «...өткен жылы шетелдік капиталдың қатысуымен 1,3 млрд АҚШ доллары сомасына 45 жоба пайдалануға берілді», «жалпыұлттық пулға құны 144 млрд АҚШ долларын құрайтын 1,1 мыңнан астам жоба кіреді», «жыл басынан бері өнеркәсіп өндірісінің өсімі былтырғыдан 6,9%-ға асып түсті», «биыл 20 мыңнан астам жұмыс орны ашылды», «1,5 трлн теңгеге 190 жаңа өнеркәсіп жоспарлануда», «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 310 мың орындық 160 мектеп салынды», «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде өңірлерде 540 медициналық мекеме салынды» дей ма-ау. Қысқасы, сықиған цифрлардан көңілің босайды.

Анығында солай ма? Солай да. Президенттің тікелей тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан жұмыстар да аз емес. Анығында, бұл – аз! Өйткені кезең – күрделі, проблема шаш етектен. Таяуда ғана өңірден келдік. Және аймақтарға өт-те жиі барамыз. Түрлі әлеуметтік ортамен жиі кезігеміз. Үкіметтің жұмысына көңілі алаң болып отырған жұрттың қатары жетерлік.

Әсіресе алабота басып тұрған әлеуметтік салаларға. Жиында күні кеше ғана аймақтардан жоқ пен бардың, жер мен малдың, мұң мен зардың аманатын арқалап келген әріптестер Премьерден бастап, әрбір министрге сауал қоюға кезек алды. Тетікті ерте басқандарымыз регламенттің есігінен еніп үлгердік. Тамыры әлеуметтік тауқыметке байланған салмағы зілмауыр сұрақтардың басым көпшілігіне берілген жауаптар мардымсыз.

Жиын басында Мәжіліс Спикері, Amanat партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов әр Жолдаудың артында халықтың СЕНІМІ, ҮМІТІ, АМАНАТЫ бар екенін баса айтты. Рас! Жауапкершілік – ортақ! Өйткені Премьер-министрдің кандидатурасын ұсынған төменгі Палатадағы жоғары басымдыққа ие біздің Фракция – Amanat. Әр министр тағайындаларда Мәжілістегі әр комитеттің босағасынан «жаңа түскен келіндей» имене басып кіріп, сенім квотасын алып, уәдені үйіп-төгіп кеткені тағы бар. Айналып келгенде, Мемлекет басшысының алдындағы Қоғамның, Халықтың, ЖАУАПКЕРШІЛІГІ бірдей. Депутаттың да, үкі тағып жіберген Үкімет мүшесінің де. Сол үшін де соқтасын шығарып сұрауға құқылымыз. Сұрадық та. Сондықтан Еділ Жаңбыршин, Айдос Сарым, Аманжол Әлтай, Ерлан Сайыров, Дүйсенбай Тұрғанов, Жұлдыз Сүлейменова, Әділ Жұбанов, Ринат Зайытов, Самат Нұртаза сынды әріптестер аянып қалған жоқ.

Қымбатшылықтан бастап Үкіметтің «қысыр» қалған жобаларының дені қылға тізілді. Кезек келгенде біз пақыр да омыраулап үндіршегімді микрофонға созып, қырдағы елдің жүздеген өтініштерінің бір парасын төрдегі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыповаға жеткіздім. Ауылдағы ағайын 2,5 пайыздық жеңілдікпен несие беруге бағытталған жобаның тамыры құрғап тұрғанын айтқан. Бұл – Президент тікелей бақылап отырған сайлауалды бағдарламадағы халықтың негізгі үміт артқан жобасы ғой. «Ал құжатта жоспарланған әрбір басымдық қағаз бетінде қалып қоймауы керек. Бұл – саяси ұстаным, бұл – ұлттық жауапкершілік!

Негізгі тапсырма – жастарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлікке ынталандыру еді. Не болды?.. 2023 жылы 9 мыңнан астам жас азамат, соның ішінде әлеуметтік осал топтар 2,5 пайызбен жеңілдетілген кредит пен өтеусіз гранттар алып, өз ісін бастағаны туралы айдың қиығындай ғана ақпарат бар.

Ал 2025 жылдың I тоқсанына жүргізілген мониторинг бұл бағытта жұмыс мүлде тоқтап қалғанын көрсетті.



Мемлекет жастарға үміт пен мүмкіндік береміз деді. Алайда жастарға арналған 2,5 пайыз жеңілдетілген микрокредит берілмей қалды. «Қос қолға бір күрек» бойынша жоспарланған 280 мың жастың тек 8 мыңы ғана жұмысқа орналастырылған. Бұл – 3 пайыз ғана. Сонда жастармен жасалған әлеуметтік келісім қайда қалды? Еңбек министрінің тартпасында қалды ма? Үкімет жастарға арналған ең маңызды бағдарламаларды неге бірінші болып қысқартады? Жастармен жасалған мемлекеттің сенім келісімі осымен тоқтады ма, Светлана ханым!» дедік. Министр Қабыкенқызы болса «Жоқ» деді. Өйтіп-бүйтіп жауап берген болды. Жауабы мардымсыздау шықты. Бірақ, уәде берді. Жобаға жан бітіретін түрі бар. Іргеде ғой. Іздеп, тауып сұрай береміз! Сұрай береміз. Әр министрден! Білімнен! Ғылымнан! Денсаулықтан! Мәдениеттен! Тілден! Діннен! Ауыл шаруашылығынан! Экологиядан! Энергетикадан! Көліктен! Жолдан! Әуеден! Жерден! Судан! Оттан! Соттан! БӘРІНЕН! БӘРІНЕН! БӘРІНЕН! Елдің АМАНАТЫН етекте қалдырмаймыз! Өкіметке де, Үкіметке де жеткіземіз!

Жанарбек ӘШІМЖАН,
Мәжіліс депутаты

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

05.09.2025 №510-3090

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Е251 (жобалық атауы) көшесі» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Е251 (жобалық атауы) көшесінен Е32 (жобалық атауы) көшесінен дейінгі учаскеде мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы учаске 1 – 1,7525 га, учаске 2 – 0,9329 га, жер учаскелері 2025 жылғы 15 қарашадан бастап 2026 жылғы 15 қарашаға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «05» 09
№ 510-3090 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-320-148-340	Қайым Мұхамедханов көшесінің бойындағы 25 тұрғын үйдің кондоминиум қатысушылары – тұрғын және тұрғын емес орын-жайлар иелері	8649	18	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Қ.Мұхамедханов көшесі, №25 үй	Бизнес орталығы, мейрамханасы, сауда орын-жайлары мен паркингі бар көп функционалды тұрғын үй кешенін салу және пайдалану	Ортақ үлестік меншік
2.	21-335-148-311	«Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ	18	18	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Е251 көшесі, №4П учаске	С(НО)-0198 стационарлық емес дайын өнімді сату объектісін орналастыру (нан-тоқаш, сүт, шұжық өнімдері)	15.11.2027ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
3.	21-320-148-196	«Қазақ заң колледжі» мекемесі	1584	1584	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Қорғалжын тас жолы, Ш.Айтматов (жобалық атауы) көшесінен шығысқа қарай	Абаттандыру	20.03.2016 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану
4.	21-320-108-1108	Кажиева Асель Турсуновна	386	386	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Ветераны Войны СУИТК, Дорожная көшесі, №385/1 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
5.	21-320-108-627	Кажиева Асель Турсуновна	846	702	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Ветераны Войны СУИТК, №418 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
6.	21-335-108-319	«Сұңқар Строй Астана» ЖШС	883	306	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Ветераны Войны СУИТК, №412 учаске	Жалпы білім беретін орта мектепті салу	Жеке меншік
7.	21-335-108-608	«Сұңқар Строй Астана» ЖШС	749	339	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Ветераны Войны СУИТК, Дорожная көшесі, №393 учаске	Жалпы білім беретін орта мектепті салу	Жеке меншік

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

05.09.2025 №510-3091

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Техникалық университет» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қарқаралы тас жолының 33,0000 га, жер учаскелері 2025 жылғы 15 қарашадан бастап 2026 жылғы 15 қарашаға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «05_»09
№ 510-3091 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-320-135-3786	«Dream Village» ЖШС	14871	2	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қарқаралы тас жолы, №16 учаске	Жапсарластыра салынған орын-жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенін салу және пайдалану	Жеке меншік
2.	21-320-135-6118	«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы» ММ	66829	66829	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қарқаралы тас жолының ауданы	Жатақхананы, кітапхана ғимаратын, әскери кафедраны, ғылыми зертхананы, асхана мен спорт залын салу	31.05.2026 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану
3.	21-320-135-1253	«КУСА Халық» ЖШС	64831	30	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қарқаралы тас жолы, №8 учаске	Аз қабатты тұрғын құрылыстарды салу және пайдалану	Жеке меншік
4.	21-320-135-4740	«QAZAQ EXPORT GROUP» ЖШС	44000	44000	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қарқаралы тас жолы, №14/1 учаске	Мектепті, балабақшаны салу	30.09.2027 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

05.09.2025 №510-3092

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Көктал тұрғын алабы, Баршын көшесі ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 4,1668 га, жер учаскелері 2025 жылғы 10 қарашадан бастап 2026 жылғы 10 қарашаға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппе, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «05» 09
№510-3092 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-318-020-416	Булаенко Вера Адрияновна	420	417	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Әлібі Жангелдин көшесі, 38/1 учаскесі	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
2.	21-318-020-495	Касенова Айман Рахимбековна Касенова Гульнар Рахимбековна Сулейменова Динара Сагындыковна, Сулейменова Асель Сагындыковна, Рахимжанова (Сулейменова) Салтанат Сагындыковна, Жусупова Дамеля Бактаевна, Сулейменова Тлеукен , Сулейменов Марат Сагындыкович	864	826	Астана қаласы, Алматы ауданы, Әлібі Жангелдин көшесі, 58Б үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
3.	21-318-020-543	«Фауна» ЖШС	900	597	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Әлібі Жангелдин көшесі, 38/3 ғимарат	Өндірістік ғимараттарды салу және пайдалану	Жеке меншік
4.	21-318-020-547	«Астана қаласы әкімдігінің Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы» ММ	6512	1	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Шәкен Айманов көшесі, 3 ғимарат	Мектепті пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
5.	21-324-020-065	Сулейменова Кляндам Капезовна, Сулейменов Шариполла Куанышбаевич	546	402	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Әлібі Жангелдин көшесі, 38/4 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ бірлескен меншік

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «05» 09
№ 510-3092 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-335-148-5877	«Affix» ЖШС	6731	742	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Қ.Мұхамедханов көшесі, №14/2 учаске	Жапсарластыра салынған орын-жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенін салу	01.02.2026ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

05.09.2025 №510-3093

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Тұрақты мекенжайы жоқ адамдарға арналған қайта әлеуметтендіру орталығы» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Әл-Фараби даңғылы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 3,1119 га, жер учаскелері 2025 жылғы 10 қарашадан бастап 2026 жылғы 10 қарашаға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «05» 09
№510-3093 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-319-147-1131	«Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММфф	1200	361	Астана қ., Сарыарқа ауданы, Көктал т.а, Қарасу көшесі, 32Д учаске	Автобустарға арналған бұрылу және кері қайту алаңын орналастыруға арналған учаске (қоршау және құрылыс салу құқығынсыз)	12.07.2027 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеусіз жер пайдалану

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

05.09.2025 №510-3099

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Энергетика басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «ТП-4» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Е30 және ЕК-13 (жобалық атаулары) көшелерінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,0742 га жер учаскесі 2025 жылғы 15 қарашадан бастап 2026 жылғы 15 қарашаға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей жер пайдаланушыға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесі және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппе, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «05» 09
№510-3099 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-335-135-5877	«Affix» ЖШС	6731	742	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Қ.Мұхамедханов көшесі, №14/2 учаске	Жапсарластыра салынған орын-жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенін салу	01.02.2026ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

05.09.2025 №510-3100

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Ж. Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ш. Айманов көшесі, №3 ғимарат ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,3272 га, жер учаскелері 2025 жылғы 10 қарашадан бастап 2026 жылғы 10 қарашаға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппе, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «05» 09
№510-3100 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-318-020-416	Булаенко Вера Адрияновна	420	417	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Әлібі Жангелдин көшесі, 38/1 учаскесі	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
2.	21-318-020-495	Касенова Айман Рахимбековна Касенова Гульнар Рахимбековна Сулейменова Динара Сагындыковна, Сулейменова Асель Сагындыковна, Рахимжанова (Сулейменова) Салтанат Сагындыковна, Жусупова Дамеля Бактаевна, Сулейменова Тлеукен , Сулейменов Марат Сагындыкович	864	826	Астана қаласы, Алматы ауданы, Әлібі Жангелдин көшесі, 58Б үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
3.	21-318-020-543	«Фауна» ЖШС	900	597	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Әлібі Жангелдин көшесі, 38/3 ғимарат	Өндірістік ғимараттарды салу және пайдалану	Жеке меншік
4.	21-318-020-547	«Астана қаласы әкімдігінің Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы» ММ	6512	1	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Шәкен Айманов көшесі, 3 ғимарат	Мектепті пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
5.	21-324-020-065	Сулейменова Кляндам Капезовна, Сулейменов Шариполла Куанышбаевич	546	402	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Әлібі Жангелдин көшесі, 38/4 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ бірлескен меншік

№107 (4851) 11/09/2025 Бейсенбі



ҚАЗАҚ ОПЕРАСЫНЫҢ ЖАУЊАРЛАРЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында ұлы ақын, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Қазақ операсының жауһарлары» атты концерт өтті.

Көрермендерді ұлттық опера өнерінің шоқтығы биік туындыларымен тамсантқан кеште қазақ операсының қалыптасу тарихын айшықтайтын шығармалар орындалды.

Атап айтқанда, Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің қазақ классикасына айналған «Абай» операсы, Мұқан Төлебаевтың ұлы махаббат пен өнерге адалдықты жырлайтын «Біржан-Сара» шығармасы, Сыдық Мұхамеджановтың нәзік те сыршыл «Айсұлуы» мен драмалық қуаты мол «Ақан сері-Ақтоты» операсынан үзінділер бар. Бұған қоса, Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек», Ғазиза Жұбановаңың «Еңлік-Кебек», Еркеғали Рахмадиевтің «Қамар сұлу» мен «Алпамыс», Айтқали Жайымовтың «Бейбарыс» операларының сазды әуендері әуеледі.

Астаналық филармонияның симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен өнер ұжымының солистері Әйгерім Аманжолова, Шаһризада Тыныштық, Нұрсәт Алмас, Алтынбек Арыстанбек, Фируза Рахметова, Ринат Нұрмахан, Әділ Сұлтан, Қуаныш Белал әсерлі кеш сыйлады.

Айта кетерлігі, 18 қыркүйек күні Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының қазақ оркестрі XVIII концерттік маусымын ашады. «Құлақтан кіріп бойды алар» аталатын бұл концерт те Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналады.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ҚҰНДЫ КАРТАНЫҢ КӨШІРМЕСІ ТАПСЫРЫЛДЫ

Астанадағы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының қоры құнды мұрамен толықты. Ұлыбритания елшілігі орталыққа Оксфорд университетінің Бодлиан кітапханасында сақталған «MS. Arab. c. 90» шифрлы қолжазбаның 44а парағындағы Орталық Азия картасының көшірмесін тапсырды.



Бұл артефакт XI ғасырдағы космология мен географияға арналған «Китаб гараиб әл-фунун уа мулях әл-уюн» («Ғылымдардың ғажайыптары мен көз сүйсінерлік нәрселер кітабы») атты анонимді еңбектің жалғыз белгілі нұсқасы саналады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, қолжазба XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында Мысырда жазылған. Картада басқа нысандармен қатар қазіргі Қазақстан аумағында орналасқан Жанкент қаласы бейнеленген, ол араб жазуында «Әл-кария әл-хадиса» («Жаңа қала») деп аталған. Жанкент VIII-XI ғасырлар аралығында оғыз мемлекетінің астанасы болғаны белгілі. Сонымен қатар картаға оңтүстік өңіріндегі негізгі және маңызды қалалар енгізілген.

Қолжазба 2002 жылы қайырымдылық ұйымдарының қолдауымен сатып алынып, кейіннен толық цифрландырылып, ортағасырлық ислам географиясы мен кітап өнерін зерттеуге арналған құнды ресурсқа айналған.

XI ғасырдың картасы Орта Азия мен Қазақстан аумағын қамти отырып ғылыми, мәдени және ұлттық маңызы зор бірегей тарихи-географиялық дереккөзге айналып отыр.

БЕСТЕМШЕ БАЛАЛАРҒА НЕ БЕРЕДІ?

Елорданың №69 «Еркем-ай» балабақшасында «Мектеп жасындағы балаларда ұлттық қодты қалыптастыру жолдары» тақырыбында қалалық семинар өтіп, «Бестемше» қосымша білім беру бағдарламасы таныстырылды.



Астана қаласының Білім басқармасы, қалалық Әдістемелік орталық, «Тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігі және аталмыш балабақша ұйымдастырған іс-шара Отбасы күні мен Тоғызқұмалақ күніне орайластырылды.

№69 «Еркем-ай» балабақшасының меңгерушісі Марал Ахметованың айтуынша, балабақша жаңа бағыт алып отыр. Сол мақсатта Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде «Ұлттық код» атты инновациялық жобаны қорғап шықты. Соның аясында бестемше ойыны бағдарламаға енгізілді. Бұл жақсы нәтиже берді. Содан бері қалалық жарыстарда «Еркем-ай»-дың тәрбиеленушілері жүлделі орындарды бермей келе жатыр. Бұған қоса, солтүстік өңірлердегі бірнеше балабақшамен серіктестік орнатылды. Осы санатта Петропавл, Көкшетау, Қарағанды, Теміртау қалаларындағы балабақшалар бар. Олардың өкілдері семинарға онлайн форматта қатысты.

Тиісті ғылыми жұмыстардан кейін бестемше ойынына қатысты әдістемелік нұсқаулық жазылды. Бұл кітапқа 36 сағаттан тұратын бағдарлама енгізілді. Қарапайым тілмен айтқанда, онда балаларға бестемшені үйрету жолдары көрсетілді. Болашақта осы еңбек ағылшын және орыс тілдеріне аударылмақ.

«Жақында балабақшамыздың тәрбиешісі Анар Таждинова Чехияның Пардубице қаласында өткен бестемшеден халықаралық жарыста блиц категориясы бойынша бас жүлдені иеленді. Сол жерде осы ұлттық ойынға үлкен қызығушылық туындады. Әдістемелік нұсқаулықты ағылшын тіліне аудару мақсаты содан туды. Себебі шетелдіктерге бестемшені танытуымыз әрі мұны таратуымыз керек» дейді Марал Ахметова.

«Бестемше» қосымша білім беру бағдарламасын таныстырған Анар Жақсылыққызының сөзінше, бұл ойын балалардың бойында математикалық түсініктерді қалыптастырады. Сол арқылы оларда ойлау, логикалық қабілеттер дамиды. Түптің түбінде тәрбиеленушілерде ұлттық код қалыптасып, балдырғандар ұлттық құндылықтарға жақындайды.

Семинар барысында тиісті тақырып бойынша «Тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің вице-президенті Мақсат Шотаев, Астана халықаралық университетінің профессоры Ғалиябану Кертаева, қалалық Әдістемелік орталығы мектепке дейінгі білім беру орталығының басшысы Райгүл Әмірхамзина пікірлерін жеткізді. Балабақшадағы дамытушы орталықтарының (өсімдіктер әлемі, гидропоника) ашылу салтанаты өтті. Балабақша ата-аналарынан құралған «Аналар институты» ұйымының мүшелері мен балдырғандар өнерлерін көрсетті.

ЖАЗҒЫ ФЕСТИВАЛЬ ЖАБЫЛДЫ

Елордада қала тұрғындары үшін жаз бойы өткізілген Astana sport power Fest атты тегін спорттық фестивальдің жабылу салтанаты өтіп, «Жастар» сарайы мәдени орталығының жас өнерпаздарының концертімен жалғасты.



Астана қаласы Азаматтық Альянсының ұйымдастыруымен өткен спорттық бәсекеде қала тұрғындары әр аптаның сенбісінде армрестлинг, кикбоксинг және өзге де жекпе-жек түрлері бойынша мамандардан ақылкеңес алып, тегін жаттықты. Сондай-ақ армрестлингтен Most атауымен федерация кубогы сарапқа салынды.

«Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында бұқаралық спортты дамыту бойынша шегелеп айтқан еді. Міне, осы мақсатта 5 шілдеден бері тура 2 ай бойы «Атырау» көпірінің астында ешқандай жас шектеуіне қарамай, тегін жаттығу өткізуді қолға алдық. Нәтижесі де жаман емес. 3 мыңдай адамды қамтыдық. Алдағы уақытта жобамыз жалғасын табады деген сенімдемін» деді Астана қаласы Азаматтық Альянсының басшысы Жомарт Қиялов.

Бұл жобаның ерекшелігі – әрбір жастың бос уақытын тиімді өткізуіне атсалысып, бойындағы спорттық қабілетінің ашылуына мүмкіндік беру.

«Бұл жоба Астана қаласында адам көп серуендейтін жерде өткізіледі. Соның арқасында бір жарым айдай бұрын армрестлинг жаттығуын көріп, жазылған едім. Келгеніме өкінбеймін. Жеңіске жету үшін қара күштен бөлек, техникалық шеберліктің маңызды екендігіне көзім жетті. Алдағы уақытта осы спорт түрін кәсіби түрде жалғастырып, үлкен шыңдарды бағындырсам деген ниетім бар» деп атап өтті колледж студенті Мұратхан Нұрсұлтан.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 10 200. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 107

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ